



ТУҒАН ЖЕР ПЕРЗЕНТТЕРІ= СОЛЬ РОДНОЙ ЗЕМЛИ




Бұл кітап - кешегі Ұлы Отан соғысы жылдары көңілде сыз, жүректе ізі қалған, сұрапыл майданда жан аянбай Отан үшін шайқасқан жауынгерлер мен тылда еңбек еткен железіндік еңбек және соғыс ардагерлеріне арналады. Бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық рух беретін жаны жайсаң, жүрегі елім деп дүрсіл қаққан, туған жеріне адал еңбек еткен адамдардың өткен өмір жолдары баяндалады. Кітаптың мақсаты - туған жерін аялап, Отанын қорғауда қасық қаны қалғанша шайқасқан майдангерлерді еске ала отырып, олардың ерен ерлігін бүгінгі жастарға үлгі ету.

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Б. АЛАШОРДА ӘСКЕРІ



Кітап Қазақстандағы азамат соғысының (1918-1920 жж.) шиеленісті кезеңіне және Алашорда ұлттық үкіметінің әскери бөлімдерін құру тарихына арналған. Мемлекеттік архивтердің жаңа тың деректік құжаттары, жарияланған материалдар, естеліктер мен ғылыми әдебиеттер негізінде Алаш әскерінің тарихы қалпына келтірілген, бұрындары белгісіз құжаттар ғылыми айналымға енгізілген.



бұрындары белгісіз құжаттар ғылыми айналымға енгізілген.



Құрметті Отан қорғаушылар!

Бейбіт күніміз бен балаларымыздың күлкісі үшін, тыныш өміріміз үшін әрқайсыңызға алғыс айтқым келеді. Әрбір ер-азамат қорғаушы болып жаратылған. Ол - Отанының, отбасының қорғаны.

Құрметті Отан қорғаушылар, мереке құтты болсын! Шаңырағыңыздан ынтымақ пен береке кетпесін!



Құрастырған және безендірген:
ОҚК библиографы Г. Ж. Алқайдарова

“И. Шухов атындағы орталық қалалық кітапхана” КММ

Мекен-жайы: СҚО, Петропавл қ.,

Брусиловский к., 65

Телефон: 8(7152)50-04-11

8(7152)33-19-57

Сайт: shuhovlibrary.kz

E-mail: shuhov_lib@mail.ru

<https://vk.com/shuhovlibrary>

[@shuhov_kitapkhana](https://www.facebook.com/shuhovlibrary)

<https://www.facebook.com/shuhovlibrary>

«И. ШУХОВ АТЫНДАҒЫ
ОРТАЛЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНА» КММ



7 МАМЫР

"Айбынды әскер – азаттық тірегі"

БУКЛЕТ



Петропавл
2024



"Айбынды әскер – азаттық тірегі"

7 мамыр -

Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні.

Ер-азаматтардың құрметіне арналған бұл мереке егемен елдің қорғаныс қуатын, бекемдігін көрсетеді.

7 мамыр мерекесінің тарихы қай кезден басталады?

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ел ішінде жаңа мемлекеттік мерекелер пайда болды. Соның бірі - елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қарулы күштерге, әскери қызметкерлер мен тыл еңбеккерлеріне арналды.

Отан қорғаушылар күні "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңында көрсетілген тоғыз ресми мерекенің бірі болып саналады. Мұның үлкен әлеуметтік және саяси маңызы бар.

1992 жылғы 7 мамырда Мемлекеттік қорғаныс комитеті ҚР Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. Дәл осы күні ҚР экс-президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды.

1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақ ССР Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Кейін ол ҚР Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды.

1992 жылдың 7 мамырында ҚР Президенті болған Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы Жарлығы шықты. Бұл Жарлық бойынша, республика аумағындағы КСРО Қарулы Күштерінің құрамындағы мекемелер, бөлімдер, құрамалар Қазақстан Республикасының құзыретіне берілді.

Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы күштерді басқаруды Президент өз мойнына алды. Президенттен басқа қорғаныс ісімен тікелей шұғылданатын алғашқы Қорғаныс министрі қызметіне генерал-полковник **Сағадат Нұрмағамбетов** тағайындалды.

7 мамыр Қазақстанда мерекелік демалыс күні болып саналады. Мереке қарсаңында Жоғарғы Бас Қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті әскери шендер беру туралы Жарлыққа қол қойып, ерекше көзге түскен әскери қызметкерлерді марапаттайды.

Қанатты сөздер: Бауыржан Момышұлы

- Отан үшін отқа түс - күймейсің
- Жақсы командир жауынгерін зор етеді, жаман командир офицерін қор етеді.
- Табандылық — батылдық қалқаны.
- Жерге – тер төгіп, халыққа – қан төгіп қызмет етуден тайсалма
- Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады.
- Ерлік – ердің қасиеті, жүректілік - жігіттің қасиеті.
- Ерлік – елеусіз қалмас.
- Ежелден ел тілегі – ер тірегі, Адал ұл ер боп туса – ел тілегі.



Айбын : энциклопедия / Б.О.Жақып .– Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 880 б.

Нурмагамбетов, Сағадат. От огненных лет до суверенной армии : сборник мемуарных произведений / С. Нурмагамбетов. – Алматы : Жибек жолы, 2005. – 544 с. : фото.

